

«Н.Смағұлов атындағы мектеп –лицейінің» КММ -сі

Хаттама

Ата-аналар жиналысында мектептегі педагогикалық-психологиялық қызметі

Тақырыбы: Мектептегі педагогикалық-психологиялық қызметінің жұмысымен ата-аналарды таныстыру.

Өткізілген күні: 17-19 қыркүйек 2025 ж. Сағат 18.00

Қатысқандар : 1-11 сыныптардың ата-аналары.

Күн тәртібінде :

1. Мектептегі педагогикалық –психологиялық қызметі қандай қызмет атқарылатыны туралы сөз ету.

2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрілігінің 29 сәуір 2025 жылғы 92 бұйрығымен бекітілген « Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларымен ата-аналар жиналысында таныстыру және мектептегі психологиялық қызметті жүргізу мақсатында ата-аналардың келісімін алу. Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты және қамқорлығы — ол оқушы, өзінің психикалық даму, тұлға ретінде қалыптасу, жас жағынан, жыныстық және басқа жеке ерекшеліктерінің, үлкендермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынастары мәселелерімен айналысу.

Психологтың міндеті — әр балаға арналған, жеке, оның мүддесін, қабілетін, өзін-өзі тербиелеу және өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіншіліктерін дамытатын тәсілдерді табу.

Ең бастысы — психолог және ата-аналардың бірлескен күшімен баланың ерекшеліктерін оның өмір сүру жағдайымен, оның тәрбиелену тарихын есепке ала отырып, түсінуге тырысу және осы негізде келешек жұмыстың бағдарламасын анықтау.

Мектептік психологиялық қызметтің негізгі мақсаты -оқушылардың толыққанды психикалық және жеке тұлға ретінде дамуына ықпал жасау.

Негізгі міндеттері — оқушылардың оқу және тәрбие үрдісінде кездесетін нақты психологиялық мәселелерді шешу.

Мектеп психологы жұмысының негізгі қағидасы — әр балаға жеке көзқараспен қарау: оның даму жолындағы қиындықтардың себебін және оларды жеңу жолдарын анықтау; оның мүддесін, мүмкіндігін, қабілетін одан әрі дамыту мақсатында анықтау; мектептегі оқу жылдарының барысында жеке тұлғаны қалыптастыру. Психологиялық қызметтің ең маңызды тиімді шарттары ол: әр жастағы оқушылардың даму мүмкіншіліктерін педагогикалық ұжыммен бірге жұмыс істей отырып, жүзеге асыру; әр жас кезеңіндегі оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде жеке ерекшеліктерін дамыту; мектепте балалардың дамуына қолайлы, нәтижелі, өзара жоғары қарым-қатынаспен, баланың және үлкендердің (мұғалімдердің, ата-аналардың), баланың және бала ұжымының, құрдастардың жақын қоршаған ортасымен өзара мейірімді іс-қимыл жасауымен, психологтың мектептің педагогикалық ұжымымен өзара кәсіби іс-қимыл

жасауымен анықталатын психологиялық климат құру.

Мектеп психологының жұмысы дәстүрлі түрде келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылады:

- диагностикалық жұмыс;
- түзету-дамытушылық жұмыс;
- кеңес беру-ағарту жұмысы.

2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 29 сәуір 2025 жылғы №92 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын» негізге ала отырып, Н.Смагулов атындағы мектеп-лицейі психологиялық қызметінің мектеп директорымен бекітілген жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылында білім алушылармен психологиялық диагностика, кеңес беру, дамытушылық \түзету\ тренингтер \топтық, жеке\ жұмыстар және \суреттерге түсіру\, желіге жүктеу\ ата-аналардың және заңды өкілдерінің\қамқоршысының\ жазбаша келісімімен жүргізіледі. Білім беру мекемесінде оқушыны психологиялық сүйемелдеуге 1-11 **сыныпта** оқитын балаларының қатысуына келісім беретіндігін растап ата-аналар қолқойып, келісім берулері расталып ата-аналар қол қойылды.

Психологиялық –педагогикалық сүйемелдеуді өткізу туралы ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдері хабардар ету формасына төмендідей қол қойылған құжаттары тіркелген . Білім беру мекемесінде оқушыны психологиялық сүйемелдеуге 1-11 сыныпта оқитын балаларының қатысуына келісім бергендері туралы құжаттар тіркелді.

Педагог-Психолог : Керейбаева Қ Б